

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі» ММ
«Қаракемер негізгі мектебі» КММ



ГУ «Отдел образования Қобдинского
района Управления образования
Актюбинской области»
КГУ «Қаракемерская основная
школа»

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы «2» қыркүйек

№39

ПРИКАЗ

«2» сентября 2024 года

Жеке санаттағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімінің 2024 жылғы 02 қыркүйектегі №839 –шы бұйрығының негізінде, Қаракемер негізгі мектебінде «Оқушылардың жекеленген санаттарын тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі көрсетілуіне байланысты

БҰЙЫРАМЫН:

2024-2025 оқу жылында жекеленген санаттарға жатқызылған білім алушылар білім беру ұйымында болған кезеңде бір реттік ыстық тамақпен қамтылсын

1. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалсын.
2. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылардың тізімі бекітіліп, құжаттары дайындалсын.
3. Мектеп асханасының материалдық базасын нығайту жұмыстары жүргізілсін. Жауапты шаруашылық меңгерушісі – Қ.М.Сарсенғалиев.
4. Ыстық тамақпен қамту барысындағы тағамдардың талапқа сай сертификаттарының болуын, сақтау орындарының талапқа сай болуын, рұқсат етілген тағамдардың ғана пайдаланылу жағдайын бақылау, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу үшін бракераждық комиссиясы құрылсын.
5. Ыстық тамақпен қамту мезгіліне 1 бірлікке аспаз қабылдансын.
6. Мектеп асханасы аспазының заңнамаға сәйкес мамандандырылған куәлігінің болуы және тағам мәзірі мен дайындалатын тағамдар картотекасының болуы қадағалансын.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» 7 тарауының 122 тармағы негізінде күн сайын мектеп асханасының аспазының денсаулығын тексеру, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуін қадағалау және оқушылардың тамақтануын өндірістік бақылау мектеп мейірбикесі Г.А.Бикешеваға жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.О.Әмірғалиға жүктелсін.

Мектеп директоры:

Б.И.Жумалиев

